

«Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі» МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша
I, II тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру

№ 1 Хаттамасы

Қатысқандар «Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі» МКҚК сала басшылары, қаржы-шаруашылық бөлімі, педагогикалық құрам- 78 адам.

Күн тәртібінде

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес «Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі» МКҚК қызметкерлеріне 2022-2023 оқу жылының I,II барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты колледж директорының міндетін атқарушы Е.Сарыпбеков жоғарыдағы нұсқаулықтарды негізге ала отырып Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, комплаенс –қызметтер туралы үлгілік ережелері, құндылықтары мен принциптерін түсіндіріп өтті.

Колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуші Б.Жолшыбеков –ол өз кезіндегі 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексін түсіндіріп, колледж қызметкерлері тарапынан нормативтік құқықтық актілер ережелерін сақтамай жүрген деректер тіркелмегенін бұл жөнінде қызметкерлерге толық түсіндірілгеніне тоқталды.

Колледжің заңгері, комплаен –офицері міндетін атқарушы Н.Сарытаев ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2022 жылғы 2 ақпандағы ҚР Президентінің № 802 Жарлығы, 2015 жылғы 23 қарашасындағы ҚР Еңбек кодексінің нормалары мен лауазымды адамдар мен қызметкерлердің міндеттері, мінез-қылық ережелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты ережелері бойынша барлық қызметкерлердің еңбек шартында көрсетілгенін айтты.

Колледж директоры м.а. Е.Сарыпбеков, колледж директоры 27.04.2023 жылы № 35 «н» бұйрығымен Комплаенс қызметіне квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуге Б.Жолшыбеков, және

комплаенс-офицері міндетін атқаруға Н.Сарытаев бекітілгенін айтып өтті .
Алдағы уақытта жоғарыда көрсетілген құқықтық нормалардың сақталуын
бақылауда ұстауын тапсырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді зерделей келе :

Шешім етті:

1. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген « Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызметтер туралы үлгілік ережелерін сақтауға;

2. 27.04.2023 ж. № 35 «н» бұйрығымен Комплаенс-қызметіне квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуші Б.Жолшыбековты және комплаенс-офицері міндетін атқарушы Н.Сарытаевтың осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселері бойынша I, II тоқсан барысында нормативті актілерді түсіндіруді есепке алу.

Жиналыс төрағасы



Е.Сарыпбеков

Хатшысы



Н.Сарытаев